

Сату бойынша айналымы қосылған құн салығынан босатылған қызмет түрлерін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыру процесінде тұтынылатын "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында сатылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 қыркүйектегі N 889 Қаулысы . Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 225-бабының 18) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған сату бойынша айналымы қосылған құн салығынан босатылған қызмет түрлерін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыру процесінде тұтынылатын "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында сатылатын тауарлардың тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 20 қыркүйектегі

N 889 қаулысымен

бекітілген

Сату бойынша айналымы қосылған құн салығынан босатылған қызмет түрлерін арнайы экономикалық аймақтың аумағында жүзеге асыру процесінде тұтынылатын "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында сатылатын тауарлардың тізбесі

ЭҚТӨС коды		Атауы
түрі	кіші түрі	

1	2	3
23.30.1		Радиоактивті элементтер, изотоптар және қосылыстар; радиоактивті қалдықтар
	23.30.14	Басқа топтамаларға енгізілмеген радиоактивті элементтер, изотоптар және олардың қосылыстары; радиоактивті қалдықтар
24.16.1		Алғашқы нысандардағы этилен полимерлері
	24.16.10	Алғашқы нысандардағы этилен полимерлері
24.16.2		Алғашқы нысандардағы стирол полимерлері
	24.16.20	Алғашқы нысандардағы стирол полимерлері
24.16.3		Алғашқы нысандардағы винихлоридтің немесе өзге де галогенделген олефиндердің полимерлері
	24.16.30	Алғашқы нысандардағы винихлоридтің немесе өзге де галогенделген олефиндердің полимерлері
24.16.4		Жай және күрделі полиэфирлер; поликарбонаттар, алкидті және эпоксидті шайырлар
	24.16.40	Жай және күрделі полиэфирлер; поликарбонаттар, алкидті және эпоксидті шайырлар
24.16.5		Алғашқы нысандардағы өзге де пластамассалар; ион алмастырғыш шайырлар
	24.16.51	Пропиленнің немесе олефиндердің өзге де алғашқы нысандардағы полимерлері
	24.16.52.	Алғашқы нысандардағы винуацетаттың немесе өзге де күрделі винил эфирлерінің полимерлері және өзге де винил полимерлері
	24.16.53	Алғашқы нысандардағы полиакрилаттар
	24.16.54	Алғашқы нысандардағы полиамидтер
	24.16.55	Алғашқы нысандардағы карбид, тиомочевин және меламин шайырлары
	24.16.56	Алғашқы нысандардағы өзге де аминді шайырлар мен фенольді және полиуретанді шайырлар
	24.16.57	Алғашқы нысандардағы силикондар
	24.16.58	Алғашқы нысандардағы өзге де пластмассалар
24.16.6		Пластмасса қалдықтары, кесінділері және сынықтары
	24.16.60	Пластмасса қалдықтары, кесінділері және сынықтары
24.62.1		Желімдер және желатиндер
	24.62.10	Желімдер және желатиндер
24.66.4		Өзге де химиялық өнімдер
	24.66.43	Электроникада пайдаланылатын лигерленген химиялық элементтер
	24.66.45	

		Әрлеу құралдары; бояуды жеделдететін немесе бояғыштарды бекітетін бояу құрамдары және соған ұқсас өнімдер
	24.66.46	Металл беттерін улау құрамдары; каучукты вулканизациялауды жеделдеткіштер, резеңке мен пластмассаларға арналған пластификаторлар және стабилизаторлар; басқа топтамаларға енгізілмеген катализаторлар; алкилбензолдар және аралас алкилнафталиндер
25.21.3		Өзге де материалдармен бекемдетілмеген немесе қиыстырылмаған пластмассадан жасалған тақталар, табақтар, пленкалар, фольга және ұзынша кесінділер
	25.21.30	Өзге де материалдармен бекемдетілмеген немесе қиыстырылмаған пластмассадан жасалған тақталар, табақтар, пленкалар, фольга және ұзынша кесінділер
25.21.4		Пластмассадан жасалған өзге де пластиналар, табақтар, пленкалар, фольга және ұзынша кесінділер
	25.21.41	Пластмассадан жасалған кеуекті пластиналар, табақтар, пленкалар, фольга және ұзынша кесінділер
	25.21.42	Пластмассадан жасалған кеуекті пластиналар, табақтар, пленкалар, фольга және ұзынша кесінділер
25.22.1		Пластмассадан жасалған орайтын бұйымдар
26.14.1		Шыны талшық
	26.15.26	Басқа топтамаларға енгізілмеген, шыныдан жасалған бұйымдар
26.23.1		Қыш электр оқшалауғыштар және оқшалауғыш арматура
	26.23.10	Қыш электр оқшалауғыштар және оқшалауғыш арматура
	26.24.11	Зертханалық, химиялық немесе өзге техникалық мақсаттағы фарфордан жасалған қыш бұйымдар
	26.24.12	Зертханалық, химиялық немесе фарфордан жасалған бұйымдардан басқа өзге техникалық мақсаттағы қыш бұйымдар
28.74.1		Бекіту бұйымдары, ойық бұрандасы бар бұйымдар
	28.74.11	Басқа топтамаларға енгізілмеген, қара металдардан жасалған ойық бұрандасы бар бұйымдар
	28.74.12	Қара металдардан жасалған өзге де ойықты емес бекіту бұйымдары
	28.74.13	Ойықты бұрандасы бар бұйымдар, ойықты емес мыс бекіту бұйымдары
29.23.2		Үстелге қоятын, еденге қоятын, қабырғаға ілетін, терезеге қоятын, төбеге ілетін немесе жабындық желдеткіштерден басқа желдеткіштер
	29.23.20	Үстелге қоятын, еденге қоятын, қабырғаға ілетін, терезеге қоятын, төбеге ілетін немесе жабындық желдеткіштерден басқа желдеткіштер
29.23.3		Тоңазытқыш және мұздатқыш жабдық пен жылу сорғыларының бөліктері
	29.23.30	Тоңазытқыш және мұздатқыш жабдық пен жылу сорғыларының бөліктері

30.02.1		Компьютер жабдығы, оның бөліктері мен керек-жарактары
	30.02.16	Басқа топтамаларға енгізілмеген енгізу-шығару құрылғылары
	30.02.17	Есте сақтайтын құрылғылар (жинақтауыштар)
31.20.2		1000 В-тан аспайтын кернеуге арналған электр тізбектерді ажыратуға, ауыстыруға немесе қорғауға арналған аппаратура (төменгі вольтті аппаратура)
	31.20.21	1000 В-тан аспайтын кернеуге арналған балқитын сақтандырғыштар
	31.20.22	1000 В-тан аспайтын (төменгі вольтті) кернеуге арналған автоматты ажыратқыштар
	31.20.23	Басқа топтамаларға енгізілмеген, 1000 В-тан аспайтын кернеуге арналған электрлік тізбектерін қорғау аппаратурасы
	31.20.24	1000 В-тан аспайтын кернеуге арналған реле
	31.20.25	Басқа топтамаларға енгізілмеген, 1000 В-тан аспайтын (төменгі вольтті) кернеуге арналған ажыратқыштар
	31.20.26	1000 В-тан аспайтын кернеуге арналған шамдар үшін патрондар
	31.20.27	Басқа топтамаларға енгізілмеген, штепсельді вилоклар мен розеткалар және электр тізбектерін ажыратуға, ауыстырып қосуға немесе қорғауға арналған өзге де аппаратура
31.20.4		Электр бөлетін және реттейтін аппаратураларға арналған бөлшектер
	31.20.40	Электр бөлетін және реттейтін аппаратураларға арналған бөлшектер
31.30.1		Оқшауландырылған өткізгіштер мен кәбілдер; талшықты-оптикалық кәбілдер
	31.30.11	Оқшауландырылған орама өткізгіштер
	31.30.12	Коаксиальды кәбілдер және электр тоғының коаксиальды өткізгіштері
	31.30.13	1000 В-тан аспайтын (төменгі вольтті) кернеуге арналып есептелген электр сымдары мен кәбілдер
	31.30.15	Жеке қабықшалары бар талшықтардан құрастырылған талшықты-оптикалық кәбілдер
31.50.1		Газ разрядты және доға қыздыру шамдары
	31.50.11	Герметикалық бағытталатын жарық шамдары
	31.50.12	Ультракүлгін немесе инфрақызыл шамдардан басқа, галогенді-вольфрамдық қыздыру шамдары
	31.50.13	Басқа топтамаларға енгізілмеген, қуаттылығы 200 Вт-тан аспайтын 100 В-тан астам кернеуге арналған қыздыру шамдары
	31.50.14	Өзге де қыздыру шамдары
	31.50.15	Газбен разрядталатын шамдар; ультракүлгін, инфрақызыл, доға
32.10.2		Қыздырғыш резисторлардан басқа, электр резисторлар
	32.10.20	Қыздырғыш резисторлардан басқа, электр резисторлар

32.10.3		Баспа схемалары
	32.10.30	Баспа схемалары
32.10.4		Термокатодты, салқын катодты немесе фотокатодты шамдар мен түтікшелер, оның ішінде электронды-сәулелі түтікшелер
	32.10.41	Теледидар қабылдағыштарына арналған электронды-сәулелі түтікшелер; теледидар камераларына арналған түтікшелер; өзге де электронды-сәулелі түтікшелер
	32.10.42	Магнетрондар, клистрондар, аса жоғары жиілікті шамдар мен өзге де шам түтікшелері
32.10.5		Диодтар мен транзисторлар
	32.10.51	Диодтар; транзисторлар; тиристорлар; димисторлар (диодты тиристорлар) және симисторлар (триодты тиристорлар)
	32.10.52	Жартылай өткізгіш құралдар; жарық шығарғыш диодтар; жиналған пьезоэлектрлі кристалдар
32.10.6		Интегральды схемалар мен микромодульдер
	32.10.61	Электрондық интегралды схемалары бар карточкалар ("интеллектуалды" карточкалар)
	32.10.62	Өзге де интегралды схемалар
32.10.7		Электрондық шамдардың, электронды сәулелі түтікшелердің және өзге де электронды құрауыштардың бөлшектері
	32.10.72	Резисторлардың, реостаттардың және потенциометрлердің бөлшектері
	32.10.73	Басқа топтамаларға енгізілмеген, электронды шамдардың, электронды-сәулелі түтікшелердің және электронды блоктардың өзге де бөлшектері
32.30.5		Дыбыс жазатын және дыбыс шығаратын аппаратураның және бейнеаппаратураның бөлшектері; антенналар
	32.30.51	Дыбыс жазатын және дыбыс шығаратын аппаратураға және бейнеаппаратураға арналған бөлшектер мен керек-жарақтар
33.40.2		Өзге де оптикалық құралдар және олардың бөлшектері
	33.40.21	Оптикалық талшықтар, поляризациялық материалдан жасалған табактар, пластиналар; объективтер, сүзгілер және осыған ұқсас бұйымдар
	33.40.23	Сұйық кристалдардағы құрылғылар; лазерлер (лазерь диодтарынан басқа); басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де оптикалық құралдар мен аппараттар

Ескертпе:

ЭҚТӨС - Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім сыныптауышы, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 542 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК